

Аңдатпа

Бұл жұмыста Қазақстан Республикасында ұялы байланыстың жаңа буынын енгізу мүмкіндіктері, сондай-ақ желіні іске қосу кезеңінде туындауы мүмкін мәселелер талқыланады. Болашақта желілерді құру сценарийлері мен, қолданылуы Қазақстандағы болашақ байланыс жүйесінің даму векторын белгілей алатын, технологиялар зерттелуде.

Жиілік пен санитарлық-эпидемиологиялық реттеу мәселесі, Қазақстан Республикасының радиоқызметтері арасындағы жиіліктің таралу кестесінің және радиотехникалық қондырғыларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың мысалын пайдаланып, зерттелді. Радиожиіліктің төменгі, орташа және жоғары диапазонында радио таратушы антенналар құрған био-қауіпті аймақтарды есептеу жүргізілді.